«Бөрлі ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметінде жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың қорытындылары туралы

АНЫҚТАМА

Бөрлі ауылы **03 қыркүйек 2026 жыл**

Талданатын объект туралы мәлімет: Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты (*бұдан әрі-Аппарат)*
Мекенжайы: БҚО Бөрлі ауданы Бөрлі ауылы Чапаевская көшесі №14/2

Ауылдық округ әкімі А.Зарифовтың 2026 жылғы 28 шілдедегі №14 «Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы шешімі негізінде ауыл әкімі аппаратында талдау жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін жұмыс тобы келесідей құрамда құрылды:

Зарифов Азильхан Уалиханович – Бөрлі ауылдық округінің әкімі;

Сандыбекова Алмагуль Беркингалиевна - Бөрлі ауылдық округі әкімінің орынбасары;

Утешова Аяжан Асқатқызы – Бөрлі ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы;

Есмагулова Марина Маликовна – Бөрлі ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы;

Салимгереева Мадина Акедиловна– Бөрлі ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы;

Капанова Камила Куатовна – Бөрлі ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы;

Исенгулова Гульфира Социаловна – Бөрлі ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы;

Турегалиева Гульзада Нурлановна– Бөрлі ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық мүшесі;

Талдау жүргізу мерзімі:03.08.2026 ж. – 03.09.2026 ж.
Бақыланатын кезең: 01.08.2025 ж. – 01.08.2026 ж.

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ, СОНЫҢ ІШІНДЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНЕ ШАЛДЫҚҚАН ЛАУАЗЫМДАРДЫҢ ТІЗБЕСІН АНЫҚТАУ.

«Бөрлі ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметінде 2026 жылғы 01 тамыздағы жағдай бойынша жалпы штат саны 18/18 адам. Соның ішінде мемлекеттік қызметшілер: 7/7. Штаттан тыс қызметкерлер: 11/11 адам.

Бақыланатын кезеңде мемлекеттік қызметшілер арасында кадр ауысушылығы бойынша: жұмыстан босатылғандар жоқ.

Бақыланатын кезеңде штаттан тыс қызметкерлер арасында кадр ауысушылығы бойынша: жұмыстан 3 штаттан тыс қызметші (күзетші, аула сыпырушы, автокөлік жүргізуші) босатылды, оның ішінде сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін босатылғандар жоқ.

2025 жылдың 01 тамызы мен 2026 жылдың 01 тамызы аралығындағы кезеңде тәртіптік жауапкершілікке 2 мемлекеттік қызметші тартылды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті басшысы Т.Дүйсенбековтің 2025 жылғы 30 қыркүйектегі №54 бұйрығы негізінде, Бөрлі ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы 02 қазандағы №27-ө өкімімен Бөрлі ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы М.Есмагуловаға «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 44 бабының 3-тармағының 1-тармақшасына сәйкес ескерту түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Бөрлі ауданы әкімі аппаратының ұйымдастыру-бақылау жұмысы және мемлекеттік қызметтер мониторингі бөлімінің басшысы А.Сәмидің қызметтік жазбасы негізінде, Бөрлі ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы 07 қазандағы №29-ө өкімімен Бөрлі ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы М.Салимгереевaға «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 44 бабының 3-тармағының 1-тармақшасына сәйкес өзінің атқаратын міндеттеріне немқұрайлы қарап, тиісті деңгейде орындамағаны салдарынан елеусіз түрдегі тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін ескерту түрінде тәртіптік жаза қолданылды.

Ағымдағы жылы аппараттың қызметкерлерімен салық декларациясы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде ұсынылды.

Аппараттың мемлекеттік қызметшілерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер сақталуда.

Аппаратта коммерциялық ұйымдардың құрылтайшылары болып табылатын, сондай-ақ осы ұйымдардың басқару органдарының құрамына кіретін мемлекеттік қызметшілер жоқ.

Талданып отырған кезеңде аппараттың мемлекеттік қызметшілерімен сыбайлас жемқорлық қылмыстары мен құқық бұзушылықтар жасау фактілері орын алған жоқ.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабында белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйым салуларды бұзу фактілері анықталмады.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН РЕТТЕУ.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында аппаратта әрдайым түсіндіру жұмыстары жүргізіледі, мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРМЕН ШАРТТАР ЖАСАСУ.

Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты бойынша 2025 жылғы 01 тамызы мен 2026 жылғы 01 тамызы аралығындағы кезеңде 55 мемлекеттік сатып алу жасалды. Оның ішінде: ашық конкурспен - 4; баға ұсынымдары бойынша - 9; тікелей шарт жасау жолымен бір көзден сатып алу - 28; өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алу - 10; электронды каталог бойынша – 4 сатып алулар жүргізілді.

Аппаратпен жүргізілетін мемлекеттік сатып алулар уақтылы және тиісті деңгейде жүргізілуде. Кемшіліктерге жол бермеу мақсатында үнемі мемлекеттік сатып алу заңнамасын түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Бөрлі ауылдық округі әкімі аппаратының қызметкерлері тікелей басшымен, оның зайыбымен туыстық қарым-қатынаста емес. 2025 жылдың 01 тамызы мен 2026 жылдың 01 тамызы аралығындағы кезеңде аппаратта мүдделер қақтығысы болған жоқ.

Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Аппаратта талдау жүргізілген кезеңде 2025-2026 жылға бекітілген жоспарына сәйкес 138 039,8 мың теңге қарастырылды, игерілгені 64 511,2 мың теңге немесе 100 % құрады.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

2025 жылғы 01 тамызынан бастап 2026 жылғы 01 тамыз аралығында «Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 99 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Оның ішінде:

1. «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекеттік меншіктегі жер учаскелеріне құқықтар беру» – 38 қызмет;
2. «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы шешім қабылдау» – 1 қызмет;
3. «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру» – 0 қызмет;
4. «Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп толеу арқылы сату»-1қызмет;
5. «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою» -59 қызмет;
6. «Жер учаскесінің жалдау мерзімін ұзарту» -0 қызмет;

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзу фактілері тіркелген жоқ. Сонымен қатар, 3 жағдайда дәлелді бас тарту берілді. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру және тұрғындардың мемлекеттік қызметтерді алу тәртібі туралы хабардарлығын арттыру мақсатында 26 түсіндіру іс-шарасы өткізіліп, оған 2 571 адам қатысты. Сонымен қатар, 2025 жылғы 27 қарашада мемлекеттік қызметтер бойынша онлайн-жәрмеңке ұйымдастырылып, Бөрлі ауылдық округі әкімдігінің ресми Instagram парақшасы арқылы тікелей эфирде өткізілді. Онлайн-жәрмеңке барысында мемлекеттік қызметтерді көрсету

тәртібі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, тұрғындардың сұрақтарына жауаптар берілді.

Есепті кезеңде Бөрлі ауылдық округіндегі «Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы» арқылы 969 мемлекеттік қызмет алынды. Жалпы, мемлекеттік қызметтерді сапалы әрі уақтылы көрсету, тұрғындарға қолайлы жағдай жасау және мемлекеттік қызметтерді алу тәртібі бойынша ақпараттандыру жұмыстарын жетілдіру бағытында тиісті жұмыстар жүргізілді.

РҰҚСАТ БЕРУ ФУНКЦИЯЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппаратында 2025 жылдың 01 тамызы мен 2026 жылдың 01 тамызы аралығындағы кезеңде 136 өкім, 36-шешім қабылданды. Оның ішінде мемлекеттік тіркеуден өткен шешімдер жоқ.

2025 жылдың 01 тамызы мен 2026 жылдың 01 тамызы аралығындағы кезеңде қабылданған шешімдер мен қаулыларға наразылықтар мен заңға қайшы әрекеттер туындаған жоқ. Аталған нормативтік құқықтық актілердің азаматтардың, заңды тұлғалардың, кәсіпкерлердің құқықтары мен мүдделерін бұзушылық нормалары анықталған жоқ.

Ұсыныс: Нормативтік құқықтық актілерді қабылдау кезінде жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілерге қайшы келмеуін қатаң бақылауға алу;

Заңға қайшы келетін немесе ескірген нормалары бар актілер анықталған жағдайда уақтылы заңнамаға сәйкес келтіру жұмыстарын атқару.

БАҚЫЛАУ ФУНКЦИЯЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына, басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сай Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппаратының қызметінде бақылау функциялары жүзеге асырылмайды.

ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНЕН ТУЫНДАЙТЫН ӨЗГЕ ДЕ МӘСЕЛЕЛЕР

Жеке және заңды тұлғалардың арыз-шағымдарымен жұмыс Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350 Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексі негізінде жүргізіледі. Аппаратқа түскен барлық өтініштер «Е-өтініш» платформасы арқылы тіркеуден өтіп, тиісті жауап беріледі.

2025 жылдың 01 тамызы мен 2026 жылдың 01 тамызы аралығындағы кезеңде Бөрлі ауылдық округі әкімінің аппаратына заңды тұлғадан 3 өтініш, жеке тұлғадан 25 өтініш түскен, ауылдық округ қабылдауында 2 тұлға болған. Түскен өтініштердің көпшілігі жер, тұрғын үй, тұрмыстық мәселелер және т.б. болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» туралы өтініштер мен шағымдар түскен жоқ. Өтініштерді қабылдаудан бас тарту фактілері орын алған жоқ.

АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДІ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ.

Аппарат қызметкерлері жұмыс барысында төмендегі ақпараттық жүйелерді пайдалану арқылы жұмыстануда:

«Documentolog» ақпараттық жүйе;

«Е-өтініш» азаматтардың барлық өтініштерін қабылдау және өңдеу бірыңғай платформасы;

«Е-қызмет» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;

«Е-лицензия» порталы;

«Enbek.kz» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;

«Парус-Каз» ықпалдастырылған ақпараттық жүйесі;

«Қазынашылық- клиент» ақпараттық жүйесі;

«Ашық бюджет» ақпараттық жүйесі;

«Е-минфин» ақпараттық жүйесі;

«Салық төлеушінің кабинеті»

«Е-халық» ақпараттық жүйесі;

«Е-акимат 365» цифрлық ақпараттық жүйесі;

ЕРАП

Аналитика Oral 365

«Мемлекеттік жоспарлау (Бюджеттік жоспарлау)» ақпараттық жүйесі;

«АЖО БМЖМК » цифрлық ақпараттық жүйесі;

Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасы;

Жергілікті атқарушы органның автоматтандырылған жұмыс орны (АРМ МИО)

АРМ МИО

Талдау жүргізу барысында ақпараттық жүйелердің ашықтығы, қайталанбауы анықталды, сонымен қатар жүйелерді пайдалану кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

ҚЫЗМЕТТІҢ АШЫҚТЫҒЫ МЕН ЖАРИЯЛЫЛЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Аппарат ақпараттың азаматтарға ашықтық деңгейі мен дәрежесін арттыру үшін «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңы аясында ашықтық жоспарына сәйкес, мемлекеттік орган «Мемлекеттік органдар бірыңғай интернет-ресурстарының порталында» өз қызметі туралы жалпы сипаттағы ақпаратты, ағымдағы қызметі туралы, оның ішінде азаматтық бюджет, бюджет қаражатының жұмсалуы, кадрлармен қамтамасыз етілуі, мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі, мемлекеттік сатып алудың жүргізілуі және т. б. мәселелер бойынша ақпаратты уақытылы орналастырады.

ҚОРЫТЫНДЫ: Бөрлі ауылдық округі әкімі аппаратының қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында күрделі мәселелер анықталған жоқ. Аппаратта жұмыстың өту барысы заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырылуда.

ҰСЫНЫСТАР:

1. Мемлекеттік қызмет көрсету регламенті мен стандарттарының жұмыс барысымен сәйкес жүзеге асырылуын қамтамасыз етілсін;
2. Қабылданған нормативтік құқықтық актілердің заңға сәйкестігі қамтамасыз етілсін;
3. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау бойынша жауап мерзіміне сай, толық беріліп, тоқсандық есептер уақытылы тапсырылсын;
4. Бюджеттің ашықтығы үшін «Ашық бюджеті» сайтында бюджеттегі өзгерістерді уақытында жариялап отыру.
5. Барлық қызметкерлерге ЭЦҚ кілттерін және оларды пайдалануға мүмкіндік беретін құпия сөздерді үшінші тұлғаларға, әріптестеріне және өзге де тұлғаларға беруге болмайтындығы ескерілсін.

Бөрлі ауылдық округінің әкімінің м.а А.Сандыбекова

А.Утешова
25182